

«Бекітілді»:

МКҚК №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы»

меңгерушісі:  Э.К.Культаева

« 22 » 10 2018ж

«Келісілді»:

«Хромтау аудандық білім бөлімі» ММ  
әдістемелік кабинет меңгерушісі: *и.а.*

 А.Б.Раева

« 22 » 10 2018ж

**«Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық процестерін құм терапиясы арқылы дамыту»**

Орындау мерзімі: 2018-2021 оқу жылы

**Құрастырушылар:** Есжанова Света Ташкенбаевна

МКҚК №8 «Тұлпар»б/б әдіскері

Есенқұлова Гүлнұр Оңалбекқызы

МКҚК №8 «Тұлпар»б/б тәрбиешісі

Хромтау қаласы, 2018жыл

### **Эксперименттің мақсаты:**

- \* Бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастыру.
- \* Танымдық және психикалық процестерді дамыту: түйсікті (форманы, түсті, тұтас түйсік), есті, зейінді, қиялды кеңістік түсінікті, тактильді-кинестетикалық сезімділік пен қолдардың ұсақ моторикаларын.
- \* Ауызша және ауызша емес әдіс тәсілдерді қолдана отырып, тәжірибелік қарым-қатынастық біліктіліктер мен дағдыларды жетілдіру.
- \* Қиялды, көрнекі бейнелік ойлауды, сөздік-логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік іс-әрекеттік ойлауды шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, балаларды белсенді іс-әрекетке және зейіннің шоғырлануына тәрбиелеу, эмпатияның (терең сезім) пайда болуына ықпал ету.

### **Міндеттері:**

- \* Құм терапиясы арқылы балалардың шығармашылық қабілетін, коммуникативтік дағдыларын дамыту.
- \* Танымдық сезімдерін (зейін, жады, қиял, қабылдау) қалыптастыру.
- \* Ұсақ қол моторикасы мен қиялын дамыту.
- \* Балалардың қоршаған ортаға деген оң көзқарасын және сөздік қорларын байыту.
- \* Интеллектуалдық ортаны қалыптастыру - ойлай білу, көрнекі-шынайылық, көрнекі-бейнелік, сөздік логикалық, шығармашылық ойлау.
- \* Эмоционалдық және коммуникативтік ортаны (қарым-қатынастың табысты ағымына қажетті, ауызша және ауызша емес құралдарды қолдана отырып) дамыту.

**Күтілетін нәтиже:**

- \* Жоғары психологиялық функциялар (назар аудару, жады, ойлау, қабылдау, қиял)
- \* Баланың эмоциялық жағдайын тұрақтандыру және психофизикалық сауықтыру.
- \* Балаларды құм терапиясы арқылы өзін-өзі тану және бағалауға қалыптастыру.
- \* Құрбыларымен коммуникативті дағдылар мен ынтымақтастық қатынаста дамыту және оқу процесінде табысқа жету.
- \* Ойын әрекет барысында тақырыпты игеруге және жеке дамуына ықпал ету.
- \* Сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлау мен қобалжуларды сыртқа шығаруға көмектеседі.
- \* Іште туындаған қиын жағдайларды, шығармашылық потенциалдарын босатады.
- \* «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процестерін құм терапиясы арқылы дамыту» экспериментін аудандық, облыстық деңгейде көрсету.

**Әдіс-тәсілдері:**

\* пікірталастар

\* әңгімелесулер

\* коммуникативтік ойындар

\* экологиялық және тарихи ойындар

\* жобалық ойындар

\* танымдық ойындар

\* түрлі-түсті құммен сурет салу

\* ертегі терапиясының элементтері

\* музыка

### **Қажетті материалдар мен жабдықтар**

1. Су өткізбейтін ағаш қорап. Қораптың ішкі қабаты (түбі және қабырғалары) көк немесе көгілдір түске боялады.

Осылайша, түбі су, ал қабырғалары - аспан нышанын білдіреді.

2. Таза, өзен құмы (алдын - ала жуылған, духовкада заласыздырылған). Ол тым ұсақ болмауы керек. Құм қораптың түбіне ғана толтырылады. Құмды ойындар үшін оның ылғалды болғаны дұрыс.

3. Түрлі - түсті құм.

Мектепке дейінгі балалардың өздерінің психо ұйымдастырылуына қарай ашық түстерге эмоционалды әсерленгіштіктерін ескере отырып, жұмыс барысында түрлі - түсті құм қолданылады.

5. Шағын фигуралар «коллекциясы» (биіктігі 8 см - ден аспайтын «Киндер - сюрприздан»). Ойыншық жиынтықтарына мыналар кіреді:

- адам кейіпкерлері;
- жануарлар (үй, жабайы, тарихқа дейінгі, теңіз және т. б.);
- көліктер (күрғақта жүретін, суда жүзетін, ғарыштық және т. б.);
- өсімдіктер (ағаштар, гүлдер, көкөністер, жаңғақтар және т. б.);
- табиғи заттар (ұлутастар, бұтақтар, әр түрлі пішіндегі тастар және т. б.);
- лақтырым материалдар (пласмасс ыдыстар, тығындар және т. б.);
- Пластикалық немесе ағаш әріптер мен сандар, геометриялық пішіндер.

**Қыркүйек 2018 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	Эксперимент әдісін, бірлескен әрекетті жоспарлауды ойластыру және талқылау (экспериментті қалай жүргізу);	Педагогтардың құзіреттілігін көтеру	Балабақша	Әдіскер Тәрбиешілер
2.	Экспериментті жүзеге асыруға бағытталған алдағы жұмыстарды жоспарлау	Эксперименттің жұмыс мазмұнының көлемін анықтау.	Әдістемелік отырыс	Әдіскер Тәрбиешілер

**Қазан 2018 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	«Сәлем құм»	Ой мен қиялдың, көрнекі-бейнелік және шығармашылық ойлаудың, тактильдік-кинестетикалық сезімталдық пен қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; түс пен форманы қабылдауды жетілдіру; ойын барысында іс-тәжірибелік қарым-қатынастың дағдылары мен біліктіліктерін жетілдіру.	Топта	Тәрбиеші
2.	Әңгімелесу «Бөлмедегі құммен ойнау ережелері»	Балаларды құммен ойнату арқылы ішкі әлемін байыту және қауіпсіздік шараларын алға тартуды жетілдіру. Құмсалғышпен жұмыс барысында кейбір ережелер бар: Құмды әдейі құмсалғыштан лақтырып	Топта	Әдіскер Тәрбиеші

		тастауға болмайды. Оны ауызға салуға болмайды. Ойын аяқталғаннан кейін, бар ойыншықтарды орнына қою керек. Ойыннан кейін қолды жуу керектігін түсіндіру.		
3	Ата-аналарға әлеуметтік зерттеу (сауалнама)	Ата-аналардың экспериментке қабілетін ашу. Мәселе бойынша ата-ана мен тәрбиеленушілердің өнертапқыштық шеберліктерін дамыту.	Топта	Әдіскер Тәрбиеші

### Қараша 2018 жыл

№	Тақырыптар	Мақсаты	Өткізілетін орны	Жауаптылар
1.	Дидактикалық ойын: «Құмға өрнек саламыз»	Құмның қасиеттері туралы білімдерін кеңейту, ұсақ қол моторикасын дамыту. Балалардың танымдық белсенділігін жетілдіру.	Топта	Тәрбиеші
2.	Ата-аналарға кеңес: «Балабақшадағы құм терапиясының маңызы».	Ата-аналарды экспериментпен таныстыру, бірігіп серіктес болуға қызығушылын ояту. Құм терапиясы аймағын құрал-жабдықпен қамту.	Топта	Тәрбиеші Әдіскер

**Желтоқсан 2018 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	«Құм қалашығы»	Балалардың құмға деген қызығушылығын арттыру. Көріп, сезіну арқылы сөздік қорын, танымдық қабілеттерін дамыту. Ақыл-ой белсенділігін күшейтіп, шапшаңдыққа баулу. Құммен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	Топта	Тәрбиеші
2.	Ата-аналарға кеңес: «Құм терапиясы-мектепке дейінгі жастағы баланың қол моторикасын дамытады»	Ойыншықтардың демонстрациялық коллекциясын жинақтау. Дамытушы ортаны ұйымдастыру.	Топта	Тәрбиеші

**Қаңтар 2019 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	«Табиғаттың сыры» (құммен жұмыс)	Құм терапиясы арқылы табиғи дүниені өз алақандарымен сезіне білуге және ойын арқылы сөздік қорларын жетілдіру. Қол, саусақ моторикаларын дамыту. Табиғатты қорғай білуге, табиғат сырын ұғуға, бір-бірімен жақсы қарым – қатынаста жұмыс жасай білуге үйрету.	Топта	Тәрбиеші
2.	Тіл ұстарту жаттығулары	Қыс туралы Ыс – ыс – ыс,	Топта	Тәрбиеші

		<p>Келіп жетті қыс.          Ар – ар – ар,          Жауады қар.          Яз – яз – яз          Сақылдаған сары аяз.          Ран – ран – ран,          Соғады боран.          На – на – на,          Зулайды шана.</p>		
--	--	--	--	--

**Ақпан 2019 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	Саусақ жаттығуы «Саусақтарды ата»	Бала саусағын ойната отырып, қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін және тілін дамыту .	Топта	Тәрбиеші
2.	Ата-аналарға жадынама: «Құмдағы ғажайыптар»	Ата-аналарды құм терапиясымен таныстыруды жалғастырып, белсенділіктерін дамыту.	Топта	Тәрбиеші

**Наурыз 2019 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	«Алтын балықтың саяхаты» Ойын-сауық.	Назарды қабылдауды(материал, түс, форма бойынша заттардың өзіндік ерекшеліктерін)есту, көру, кеңістік түсініктерін дамыту. Әртүрлі материалдан манипуляция жасау үрдісінде бір заттың басқа бір затқа айналуы арқылы шығармашылық ойлауды қалыптастыру. Айналасына жақсы көңіл –күй сыйлауға, мейірімділікке тәрбиелеу.	Топта	Тәрбиеші
2.	Ата-аналарға кеңес. Жылжымалы папка дайындау	Ата-аналарды экспериментпен таныстыруды жалғастырып, белсенділіктерін арттыру.	Топта	Тәрбиеші

**Сәуір 2019 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	Құм терапиясы арқылы баланың көңіл-күйін бақылау.	Балалардың көңіл-күй жағдайын бағалауын қалыптастыру; жан-жақты психикалық процестерді дамыту: қабылдау, есте сақтау, көңіл аудару, тілдерін дамыту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Топта	Тәрбиеші
2.	Ата-аналарға кеңес. Жылжымалы папка дайындау.	Ата-аналарды экспериментпен таныстыруды жалғастырып, белсенділіктерін арттыру.	Топта	Тәрбиеші

**Мамыр 2019 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	Ойын жаттығу. «Сәлеметсің бе, құм!» Мейірімділік, достық жайлы өлеңдер топтамасы.	Ойын арқылы бала бойындағы психофизикалық ауырлықты төмендету. Топта жағымды атмосфера орнату. Достық сезімге тәрбиелеу.	Топта	Тәрбиеші
2.	«Біз не үйрендік?» АҰОҚ. Мониторинг Қорытынды.	Балалардың деңгейін көрсетуге және жыл бойы жасаған жұмыспен ата- аналарды таныстыру.	Балабақша	Тәрбиеші Әдіскер

**Қыркүйек 2019-2020 оқу жылы**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	Көрнекі және үлестірмелі құрал жабдықтарды қолдану мәселесі бойынша бағдарламалық әдістемелік қамтамасыз етуді жинақтау және интернет ресурстары мен ғылыми зерттеу әдістемелік оқулықтарды талдау және үйрету.	Педагогтардың құзіреттілігін көтеру	Балабақша	Әдіскер Тәрбиеші психолог
2.	Ата-аналарға кеңес: «Балаға үй жағдайында құммен ойынды қолдану».	Балалардың ақыл-ой белсенділігін күшейтіп, ойлау жылдамдығын дамыту.	Топта	Тәрбиеші

**Қазан 2019 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі «Күн»	Танымдық және психикалық процестерді дамыту ; түйсікті есті, зейінді, қиялды, кеңістіктік түсінікті, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту.	топта	Әдіскер Тәрбиешілер
2.	Ата-аналарға және басқа топ балаларына сурет салудан мастер-класс ұйымдастыру	Ата – анамен арадағы мейірбандылықты нығайтып, баланың жеке басының шығармашылық деңгейін арттыру. Саусақпен құмға сурет салу техникасын көрсету арқылы қатысушылардың белсенділігін арттыру.	Топта	Тәрбиеші. Психолог

**Қараша 2019 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	Дидактикалық ойын. «Ненің ізі?»	Балаларды үй және жабайы жануарлармен таныстыруды жалғастырып, жануарлардың іздерін табуға есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	Топта	Әдіскер Тәрбиеші
2.	«Жануарлар әлемі» Жұмбақтар топтамасы. Пластилинография	Ой-өрісін, дүниетанымын, есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын, тіл байлығын дамыту, өнерге деген қызығушылығын арттыру Жұмбақтың шешуін таба білуге, бір бейнені көрнекілік көрсетпей- ақ мүсіндей білуге үйрету. Ермексазбен жұмыс жасағанда ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Топта	Тәрбиеші
3.	Шебер-класс педагогтармен. «Балабақшадағы құм терапиясы».	Саусақпен құмға сурет салу техникасын көрсету арқылы қатысушылардың белсенділігін арттыру.	Әдістемелік отырыс	Әдіскер Тәрбиеші

**Желтоқсан 2019 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	«Туған күніңмен, Қазақстан!» (кофе ұнтағымен жұмыс)	Балалардың бойына саусақпен сурет салу арқылы Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру.	Топта	Тәрбиеші
2.	Отан туралы өлең, мақал-мәтел жаттату.	Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, байланыстыра сөйлеуін дамыту.	Топта	Тәрбиеші
3.	Ата-анамен жұмыс: «Тұғыры биік – Қазақстан!» жылжымалы папка, қабырға газетін дайындау.	Ата-анамен жұмыс барысында өз еліне деген патриоттық сезімін ояту.	Топта	Тәрбиеші

**Қаңтар 2020 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	«Қысқы өрнек» (жарма ұнтағымен )	Балалардың қыс мезгілі, қысқы табиғат, қысқы еңбек жайлы түсініктерін кейейту. Табиғат әдемілігін сезіне білуге және құммен әйнек бетіне түсіре білуге тәрбиелеу.	Топта	Тәрбиеші
2.	«Аққала» құм бетіне сурет салу	Қардың қасиетімен таныстыру. Аққала ны құм бетіне дөңгелектеп салуды дамыту. Саусақ қимылының икемділігін жетілдіру.	Топта	Тәрбиеші

**Ақпан 2020 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	«Құмдағы ғажайып ойындар»	Құммен ұқыпты жұмыс жасай білу дағдысын, құм терапиясы арқылы табиғи дүниені өз алақандарымен сезіне білу, табиғат сырын ұғынып, оны қорғай білу қасиеттерін, қол, саусақ моторикасын, танымдық даму деңгейлерін дамыту.	Топта	Тәрбиеші
2.	«Құмдағы ғажайып ойындар»	Құмға түрлі іздер қалдыруға үйрету. Құмдағы ғажайып ойындармен таныстырып, түрлі ойындар ұйымдастырып, қызығушылықтарын арттыру. Құмның бірнеше түрлерімен таныстыру.	Топта	Тәрбиеші

**Наурыз 2020 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	Балаладың өз тәжірибесі туралы әңгімелесу «Құммен ойнағанда мен не сеземін?»	Балалар өз сезімдері, құммен ойнау барысындағы туындаған қиялары туралы әңгімейлейді.	Топта	Тәрбиеші
2.	ТРИЗ Ойын «Құм: жақсы-жаман»	Балалар құмның пайдалы және пайдасыз қасиеттерін атайды.	Топта	Тәрбиеші

**Сәуір 2020 жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	Дидактикалық ойын: «Ұшақпен ұшайық»	Ұшақта отыру этикасын үйретіп, аспан әлеміне қызығушылығын ояту. Бір-біріне сұрақ қоя білуге үйрету.	Топта	Тәрбиеші
2.	«Ғарышқа саяхат» Сөз және сөйлем құрастыру.	Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін жетілдіру; ғарыш әлемі және құпия сырларына деген қызығушылықтарын арттыру; сөздік қорларын молайту; еске сақтау, ой-өрістерін, зейіндерін дамыту. Балаларды батылдыққа, адамгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу.	Топта	Тәрбиеші
3.	Ата-аналарға кеңес: «Ләпбук деген не және не үшін керек?»	Ата-аналарды ләпбук жасаумен таныстыру, бірігіп серіктес болуға қызығушылығын ояту. Құм терапиясы аймағын көрнекілікпен қамту.	Топта	Тәрбиеші Ата-аналар

**Мамыр айы 2020жыл**

№	Тақырыптар	Мақсаты	Өткізілетін орны	Жауаптылар
1.	Шығармашылық ойын. "Құмдағы ғажайып"	Құммен сурет салу, құм анимациясы - бұл ұсақ моторикасын және шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Топта	Тәрбиешілер
2.	Қорытынды . «Күн» (Құм терапиясы ) Презентация.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Көңіл – күйіді бағалау;</li> <li>• Жан – жақты психикалық процестерді дамыту: қабылдау, есте сақтау, көңіл аудару, елестету, кеністік бағдарды үйрету және қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</li> </ul> Ата-аналарды презентация жасап, қорғауға дайындау.	Топта	Әдіскер Тәрбиеші Ата-аналар

	дайындау.		
--	-----------	--	--

**Қыркүйек айы 2020-2021жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	«Сен білесіңбе? Тіл ұстарту ойыны	Балалардың сөйлеу қызметін қалыптастыру, дыбыстарды ажырата отырып сөздерде, сөйлемде дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық тіл жаттығуларының бір ізділігін арттыру.	Топта	Тәрбиешілер
2.	«Жұмсақ -қатты» Дидактикалық ойын.	Балаларға сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелеу, оларға сипаттама беру, ойыншықтарына таза, мұқият болуға үйрету. Сөздік қорын молайту, қабылдау, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Балаларға ойын ойнау арқылы ойыншықтардың неден, қандай заттардан жасалатыны жайында ұғым беру.	Топта	Тәрбиеші

		Ойындар ойнату арқылы достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу		
--	--	--	--	--

### Қазан айы 2020-2021жыл

№	Тақырыптар	Мақсаты	Өткізілетін орны	Жауаптылар
1.	«Көңілді музыканттар» Ертегі желісі бойынша	Балаларды ертегісімен таныстыру. Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін қалыптастыру. Ертегіні сахналауға, достық қарым-қатынасты бағалай білуге баулу.	Топта	Тәрбиеші
2.	«Таңғажайып іздер» Мнемокесте.	Балаларды үй және жабайы жануарлармен таныстыруды жалғастырып, жануарлардың іздерін табуға есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	Топта	Тәрбиеші

### Қараша айы 2020-2021жыл

№	Тақырыптар	Мақсаты	Өткізілетін орны	Жауаптылар
1.	«Менің отбасым» Саусақ жаттығуы.	Отбасы туралы түсінік қалыптастыра отырып, отбасы мүшелерін атап, олар туралы айтуға және жақсы көруге үйрету; туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту.	Топта	Тәрбиеші
2.	«Отбасындағы сыйластық» Сюжетті- рөлдік ойын.	Балаларға «Отбасы» түсінік беру олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту, әдептілікке,	Топта	Тәрбиеші

		сыпайылыққа, мейірімділікке, үлкенге көмек көрсетуге, баулуға тәрбиелеу. Ойынды қызықты, ұйымшыл ойнауға үйрету.		
3.	Сауалнама: «Сіз қандай ата-анасыз?»	ата-анасы мен бала арасындағы қарым — қатынас ерекшеліктерін ашу. Балаларын тәрбиелеуде ата-ананың мәдени деңгейін көтеруге ықпал ету.	Топта	Әдіскер Тәрбиеші

### Желтоқсан айы 2020-2021 жыл

№	Тақырыптар	Мақсаты	Өткізілетін орны	Жауаптылар
1.	«Сиқыршылар ертегі әлемін жасайды».	Құрғақ және сулы құмның құрамын ажырата білуді қалыптастыру. Ұсақ қол моторикасымен қимыл координациясын дамыту.	Топта	Тәрбиеші
2.	«Ақылды тышқан» ертегісі Пластинография.	Ой-өрісін, дүниетанымын, есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын, тіл байлығын дамыту, өнерге деген қызығушылығын арттыру Жұмбақтың шешуін таба білуге, бір бейнені көрнекілік көрсетпей-ақ мүсіндей білуге үйрету. Ермексазбен жұмыс жасағанда ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Топта	Тәрбиеші
3.	Семинар. «Арт-терапия-өнермен емдеу,	• Қатысушыларға Арт-терапия туралы ұғым беру, маңыздылығын ашу.	Балабақша	Әдіскер Тәрбиешілер

	шығармашылық терапиясы»	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Арт-терапияның түрлерімен таныстыру, тиімділерін тәжірибеде пайдалану.</li> <li>• Арт-терапияның түрлеріне арналған ойындармен танысу.</li> <li>• Қатысушылардың достық қарым-қатынасын, ұжыммен жұмыс жасауды арттыру.</li> </ul>		
--	-------------------------	---	--	--

### Қаңтар айы 2021жыл

№	Тақырыптар	Мақсаты	Өткізілетін орны	Жауаптылар
1.	«Су асты әлеміне саяхат».	<p>Су асты әлемі туралы білімдерін тереңдету. Балықтар, сегізаяқ, тасбақа т.б. су асты әлемінің тіршілік иелерін, ғажайыптарын көрсетіп, психологиялық демалдыру. Жұмысты бірлесіп істеуге, бір-біріне көмектесуге, ептілікке баулу. Су асты әлемінің тіршілік иелеріне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.</p>	Топта	Тәрбиешілер
2.	«Бұл не?» Мнемокесте	<p>Балалардың сөздік қорын анықтау. Мнемокесте арқылы қысқы-қысқа сөздерді оқытып, қайталатып, өз ойларын айтып беруге дағдыландыру. Ересектердің және жолдастарының сөзін тыңдай білуге және белгілі бір жүйемен сөйлеуге үйрету.</p>	Топта	Тәрбиеші

**Ақпан айы 2021жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	«Қысқы өрнек» ( кинестикалық құм)	Балалардың қыс мезгілі, қысқы табиғат, қысқы еңбек жайлы түсініктерін кейейту. Табиғат әдемілігін сезіне білуге және құммен әйнек бетіне түсіре білуге тәрбиелеу.	Топта	Тәрбиеші
2.	«Шырша» құм бетіне сурет салу	Шыршаның қасиетімен таныстыру. Шыршаны құм бетіне үшбұрыштап салуды дамыту. Саусақ қимылының икемділігін жетілдіру.	Топта	Тәрбиеші

**Наурыз айы 2021жыл**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Өткізілетін орны</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	«Бұл қай мезгіл?» Дидактикалық ойын.	Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. Жылдың төрт мезгіліндегі құбылыстарды салыстыру және айыра білу; әр мезгілге сай киінуге дағдылану; табиғатты қорғауға тәрбиелеу	Топта	Тәрбиешілер
2.	Жыл мезгілі туралы өлеңдер топтамасы.	Балалардың есте сақтау, сөздік қорларын, дыбыстарды дұрыс айтып жеткізуін дамыту.	Топта	Тәрбиеші

**Сәуір айы 2021жыл**

№	Тақырыптар	Мақсаты	Өткізілетін орны	Жауаптылар
1.	«Көңілді ағаштар»ТРИЗ	Ағаштар туралы мағлұмат беру, өсімдіктерге күтім жасауға үйрету, олардың пайдасы және биік- аласа ұғымдарын ажырата білуді үйрету.	Топта	Тәрбиешілер
2.	«Қай ағаштың жапырағы?» Дидактикалық ойын	Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру. Сөздік қорын толықтыру,есту,қабылдау қабілетін дамыту.	Топта	Тәрбиеші

### Мамыр айы 2021жыл

№	Тақырыптар	Мақсаты	Өткізілетін орны	Жауаптылар
1.	Презентация. «Құм терапиясы» электронды орта. АКТ технологиясы	Ата-ана мен баланы презентацияға қатыстыру.	Балабақша	Тәрбиеші
2.	«Біз не үйрендік?» Қорытынды.	Жыл бойы жасаған жұмысты қорытындылап аудан,қала көлемінде есеп беру.Индикатор қорытындысы.	Балабақша	Әдіскер Тәрбиеші Психолог

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Т.Г.Прутникова. «Құм терапиясы» Әдістемелік құрал.Көкшетау.2014
- 2.Проектная деятельность в детском саду с использованием новых информационных технологий. I часть Алматы. 2014
3. Проектная деятельность в детском саду с использованием новых информационных технологий. II часть Алматы. 2014
- 4.Сакович Н. А. Технология игры в песок. Игры на мосту. — спб.: Речь, 2006.
- 5.Юнг К. Г. Практика психотерапии. Минск: Харвест, 1998
- 6.Ж.Б.Қоянбаев.Р.М.Қоянбаев. Педагогика.Алматы,2002
- 7.Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева Т.М. Грабенко « Чудеса на песке» практикум по песочной терапии. Из-во « Речь» 2005 год
- 8.Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева Т.М. Грабенко « Игры в сказкотерапии» СПб 2008
- 9.М.В. Кисилева «Арт-терапия в работе с детьми»СПб 2006
- 10.Балапанов Е .Қ.Бөрібаев Б.Б. Ақпараттық мәдениет негіздері. Әдістемелік нұсқау-Алматы,2005жыл.
- 11.Венгер Л.А. Қабылдау мен оқыту-М.Просвещение 1969жыл
- 12.Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева Практикум по сказкотерапии СПб 2013

Қазақстан Республикасы  
«АКТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ



Республика Казахстан  
ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

П Р И К А З

2018 жылғы 05.10  
Ақтөбе қ.

№ 329

2018 жылғы  
Ақтөбе қ.

### Эксперимент жұмыстарын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидалары», Ақтөбе облысының білім жүйесінде тәжірибелі-эксперименттік жұмысын ұйымдастыру ережесіне сәйкес және білім беру мекемелерінің сұраныстары негізінде, облыстық білім беру жүйесінде инновациялық қызметті дамыту мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2018-2021 жылдарға арналған келесі эксперимент аяқтары ашылсын:

1.1 «Асық терапиясы арқылы балаларды этнопедогогикалық бағытта тәрбиелеу және дамыту» Мұғалжар ауданы, «Самал» бөбекжай-бақшасы;

1.2 «Применение технологии Триз в процессе развития системного мышления и творческих способностей дошкольников» Мұғалжар ауданы, «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы;

1.3 «Балабақшада эксперименттік зерттеу жұмыстары арқылы қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу» Мұғалжар ауданы, «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасы;

1.4 «Балабақшада ақпараттық технологиялар арқылы балалардың танымдық қабілетін арттыру» Мұғалжар ауданы, «Достық» бөбекжай-бақшасы;

1.5 «Мектеп жасына дейінгі балаларға ертегі терапиясын қолдану арқылы креативті ойлауын дамыту» Хромтау ауданы, №5 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы;

1.6 «Балабақша мен бала отбасының ынтымақтастығына негізделген заманауи тәсілдер» Хромтау ауданы, №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы;

1.7 «Робототехниканы пайдалану арқылы баланың құрастыру қабілетін дамыту» Хромтау ауданы, №7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы;

1.8 «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық кеңестерді күм терапиясы арқылы дамыту» Хромтау ауданы, № 8 «Тұлпар» бөбекжай - балабақшасы;

1.9 «Биология мен ағылшын тілі пәндерін кіріктіре оқыту әдістері» Ақтөбе қаласы, Новый орта мектебі;

1.10 «Резистбол арқылы мектепке дейінгі балалардың физикалық және рухани байлығын қалыптастыруда этнопедагогиканы қолданудың маңыздылығы» Ақтөбе қаласы, №17 «Шұғыла» МДҮ;

1.11 «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Алға ауданы, Бестамак орта мектебі.

1.12 «Физика, информатика пәндерін CLIL әдісі арқылы оқыту ерекшеліктері» - Алға ауданы, Алға мектеп-гимназиясы.

2. 2018-2019 жылдарға арналған облыстық шебер класс жұмысы ашылсын:

2.1 «Математика мен физика пәндерін кіріктіре оқыту тиімділігі» Ақтөбе қаласы Новый ОМ;

2.2 «От традиций к инновациям» Ақтөбе қаласы, №18 ОМ;

2.3 «Критериальное оценивание-важный фактор процесса обучения» Ақтөбе қаласы, №9 МГ.

2. 2018-2019 оқу жылына арналған облыстық шығармашылық шеберханалар жұмысы жалғастырылсын:

2.1. «Шығармашылық жұмыс – шеберліктің жемісі», Ақтөбе қаласы №15 ОМ;

2.2. «Шығармашылық пен ізденіс – сапалы білімге жеткізетін басты жол», Ақтөбе қаласы №31 ОМ;

2.3. «Жас маманнан – білікті ұстазға», Ақтөбе қаласы Новый ОМ;

2.4. «Химия әлемі», М.Құсайынов атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты;

2.5. «Квант» (физика пәнінен), Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты;

2.6. «Химик» (химия пәнінен), Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты;

2.7. «Шеберлік» атты шығармашылық топ: «Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту арқылы әлеуметтік өмірге бейімдеу», Ақтөбе облыстық арнайы (түзетім) есту қабілеті бұзылған балалар мектеп-интернат-колледжі;

2.8. «Экоәлем» (биология пәнінен), М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты;

2.9. «Атамұра» (тарих пәнінен), М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты;

2.10. «Көркем еңбек сабағында оқушылардың қол еңбегін дамыту» - Ақтөбе қаласы №70 орта мектебі;

2.11. «Шын» (география пәнінен), М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты.

3. 2018-2019 оқу жылына арналған облыстық шығармашылық зертхана жұмысы ашылсын:

3.1 «Интеграция школы и Вуза по развитию научной деятельности учащихся» - Ақтөбе қаласы № 28 орта мектебі.

4. 2018-2019 оқу жылына арналған облыстық шығармашылық зертхана жұмысы жалғастырылсын:

4.1.«Әлеуметтік білім беру коммуникациясы бойынша зертхана» - Ақтөбе облыстық арнайы (түзетім) есту қабілеті бұзылған балалар мектеп-интернат-колледжі.

5. 2018-2019 оқу жылына арналған облыстық шығармашылық шеберхана жұмысы ашылсын:

5.1 «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында ағылшын тілі сабақтарында функционалды сауаттылықты қалыптастыру» - Ақтөбе қаласы № 31 казак орта мектебі.

6.Білім беру ұйымдарындағы эксперимент жұмыстарының жаңашылдық бағытындағы іс-әрекеттердің тиімділігіне, сапасына қағам бақылау жасалсын.

7.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылдың №1193 қаулысына сәйкес эксперименттік жұмысқа қатысушы педагогтарға қосымша ақы тағайындалсын.

8.Эксперименттік жұмысқа қатысушы педагогтардың облыстық, республикалық шараларға қатысуы, іссапарға уақытылы жіберілуі қамтамасыз етілсін.

9. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығына (директор Б.Джармагамбетова):

9.1. Эксперимент жұмысына қатысушы педагогтарға және эксперимент алаңдарына әдістемелік көмек көрсету жүктелсін;

9.2. Эксперимент алаңдары жұмысының сапалы ұйымдастырылуына жүйелі зерделеу жасалсын;

10. Осы бұйрықтың орындалуы басқарма басшысының орынбасары Г.Сүлейменоваға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Л.Ерзаева



« 17 » 10 2018 жыл

Бұйрық № 656

**«Аудандық эксперимент  
аандарын ашу туралы»**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидалары», Ақтөбе облысының білім басқармасының 2018 жылғы 5 қазандағы №329 бұйрығына сай

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ауданның мектепке дейінгі мекемелерінде 2018-2021 жылдарға арналған эксперимент аандары ашылсын:
  - 1.1 «Мектеп жасына дейінгі балаларға ертегі терапиясын қолдану арқылы креативті ойлауын дамыту» №5 «Ақбота» бөбекжай- балабақшасы;
  - 1.2 «Балабақша мен бала отбасының ынтымақтастығына қатысты заманауи тәсілдер» №6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы;
  - 1.3 «Роботоотехниканы пайдалану арқылы баланың құрастыру қабілетін дамыту» №7 «Еркетай» бөбекжай- балабақшасы;
  - 1.4 «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық кеңестерді құм терапиясы арқылы дамыту» №8 «Тұлпар» бөбекжай- балабақшасы;
2. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі тарапынан педагогтардың шығармашылықпен жұмыс жасауларына қолдау көрсетіліп, эксперименттік алаң жұмысына қажетті жағдай жасалсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуы АББ әдіскері Муринова К.М міндеттелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау АББ әдістемелік кабинет меңгерушісінің м.а Раева А.Б жүктелсін.

«Хромтау аудандық білім бөлімі»  
ММ басшысы:



М.О. Косымбаева

МҚКК бөбекжай-балабақшасы №8 «Тұлпар»

**БҰЙРЫҚ №50**

Хромтау қаласы

17 қазан 2018 жыл

**«Эксперимент алаң ашу туралы»**

ММ «Хромтау аудандық білім бөлімі» 2018 жылдың қазан айының 17-і күні  
№656 бұйрығы негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. МҚКК ББ №8 «Тұлпар» «Балапан» II кіші тобында 2018-2019 оқу жылында эксперимент алаңы «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерді құм терапиясы арқылы дамыту» және экспериментатор-жетекшілер бекітілсін:

Есжанова С.Т.-әдіскер

Есенқұлова Г.О.-тәрбиеші

2. Бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

МҚКК ББ №8 «Тұлпар» меңгерушісі:  Э.К.Культыева



МҚКК «№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы»

**БҰЙРЫҚ №39**

Хромтау қаласы

02 қыркүйек 2019 жыл

**«Эксперимент алаң жұмысы туралы»**

ММ «Хромтау аудандық білім бөлімі» 2018 жылдың қазан айының 17-і күні  
№656 бұйрығы негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. МҚКК ББ №8 «Тұлпар» «Балапан» II кіші тобында 2019-2020 оқу жылында эксперимент алаңы «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерді құм терапиясы арқылы дамыту» және экспериментатор-жетекшілер бекітілсін:

Есжанова С.Т.-әдіскер

Исатаева А.Р.-тәрбиеші (Есенкүлова Г.О. бұйрық №43 01.04.2019 ж)

2. Бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

МҚКК ББ №8 «Тұлпар» меңгерушісі:  Э.К.Культыева



**Хромтау қалалық балабақшасының эксперименттік алаң бойынша мәліметтер базасы**

**МҚКК «№8 «Тұлпар»бөбекжай-балабақшасы» 2018-2019 оқу жылы**

№	Ауданы, мекеме атауы	Эксперимент тақырыбы	Эксперимент жетекшісі (аты-жөні толығымен)	Білімі	Санаты	Өтілі	Класы	Эксперименттік алаңға қатысушы мұғалімдер саны	Эксперименттік алаңға қатысушы оқушылар саны	Эксперимент мерзімі (жылдарын нұсқау)	Байланыс телефоны, факс, электрондық пошта
1.	Хромтау қаласы МҚКК «№8 «Тұлпар»б/б	«Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процестерін құм терапиясы арқылы дамыту»	Есенқұлова Гүлнұр Оңалбекқызы	жоғары	Ісанат №340 2018 ж	6,11	II кіші топ тәрбиешісі	1	27	2018-2019, 2019-2020, 2020-2021	21838 ddu_8@mail.ru  87054680503
2.	Хромтау қаласы МҚКК «№8 «Тұлпар»б/б		Есжанова Света Ташкенбаевна	жоғары	Жоғары санат №85 26.04.2018 жыл	24,8	әдіскер	1			87712900865

**Эксперименттік алаңға қатысушы «Балапан» II кіші тобының балаларының тізімі:**

Тәрбиеші: Есенқұлова Гүлнұр Оңалбекқызы

1. Аблай Санжар
2. Абатов Айдар
3. Әділхан Аяулым
4. Байназарова Томирис
5. Есболсын Іңкәр
6. Есболсын Сезім
7. Жандильдина Айым
8. Кубашев Диас
9. Кудайбергенова Аруна
10. Куптлеуова Жанерке
11. Қасқырбай Сұлтан
12. Қырғызбай Салахуддин
13. Марат Ибраһим
14. Маратов Аян
15. Мамешов Жангер
16. Мадиев Искандер
17. Мутиголла Шахрияр
18. Назарова Адия
19. Наурызбай Қасымжан
20. Рай Нұрлыбек
21. Сарсенғали Нариман
22. Сарсембаева Санел
23. Сағын Нұрислам
24. Сисенбай Диас
25. Серикбай Жансая
26. Туригельдина Мадина

27. Тулеуов Бақытжан

**Бақылауға алынған «Көбелек» II кіші тобының балаларының тізімі:**

Тәрбиешілер: Батырханова Г.К. Аманжол А.Ғ.

1. Адилжан Айнара

2. Алмағамбет Бекболат

3. Арыстан Досжан

4. Барханский Савва

5. Берсүгіров Әзіретали

6. Дулат Мерейім

7. Ералы Ботакөз

8. Ербол Радина

9. Жантлесова Азиза

10. Жарылқасынұлы Арын

11. Жеңіс Әзиз

12. Инталова Раяна

13. Исмаганбетов Мираслан

14. Құрмантай Бейбарыс

15. Мұрат Елмұрат

16. Мырзағали Инабат

17. Нұржан Сағыныш

18. Нұрлыхан Нұрбақыт

19. Орынбек Ерке

20. Оспанова Наргиз



21. Сабралы Сабина

22. Сейдраман Нұрсұлтан

23. Серік Шахназ

24. Тагебергенова Кәусар

25. Темиргалиев Азамат





Эксперименттік аялан «Күм терапиясы»  
Күммен сурет салу әдіс-тәсілдерін ментеру сәттерінен көрініс

## Құммен сурет салудың пайдасы

адамның қиялын

есте сақтау қабілетін

саусақтарының епті болуына әсерін тигізеді

ұйықтап жатқан клеткаларды оятады

эмоционалдық күйді орнықтырады

жүйкесін тыныштандырады

Терапия – емдеу деген ұғымды білдіреді, ал құм терапиясы – бұл құммен емдеу, ол жерде ешқандай дәрі де қажет емес.

Сонда біз «ерекше бала» тобында бір баламен таныстық, оның диагнозы...

Біз ол балаға бірге құмнан сурет салуды ұсындық. Бала қуана келісті.

Шешім: Құммен сурет салу өте қызықты, пайдалы, творчествовалы ғана емес деген келісім толығымен расталған гипотеза.

Ерекше балаға құммен жұмыс қалай көмектеседі? Бұл сұраққа мынадай жауаптар таптық.

Өз қиялын жүзеге асыру.

Өзіңнің ерекше нәрсенді жасау.

Қорқыныш пен үрейден құтылу.

Қазір судың бетіне де сурет салуға болады. Бұл енді дамып келе жатқан сурет өнерінің бір саласы. Ал құммен сурет салудың қандай пайдасы бар? Мен ұшан-теңіз дер едім. Адамды жақсы нәрсені ойлауға үйретеді. Өмірді жақсы қырынан қабылдауға бейімдейді, есте сақтау қабілетін дамытады. Жылдамдықты сезініп, уақытпен жұмыс істеуге үйретеді. Дәрігерлер сал ауруымен ауыратын балаларға құммен сурет салуға кеңес береді екен. Өйткені, саусаққа тиген құм түйіршіктері бойдағы ұйықтап жатқан қан тамырларын іске қосады екен. Жүйке жүйесін тыныштандырып, балаға сенімділік сыйлайтыны тағы бар. Негізі құмның денсаулыққа пайдасы көп. Естуімше, бойдағы жағымсыз энергияны, суықты сіңіріп алады.


2) Қараша айында «Жануарлар әлемі» Жұмбақтар топтамсы. Пластинография тақырыбы бойынша жұмыс жүргізілді. Онда жұмбақтың шешімін таба білуге, мүсіндей білуге, ермексазбен жұмыс жасағанда ұқыптылыққа, тазалыққа үйретілді.

3) Осы қараша айында «Балабақшадағы құм терапиясы» тақырыбына сәйкес педагогтармен Шебер – класс өткізілді. Педагогтарға құмның ерекшелігі, саусақпен сурет салу техникасы туралы өткізіліп, көрсетілді.

1) Желтоқсан айының 2019 жылы «Туған күнімен Қазақстан!» тақырыбына сәйкес түрлі – түсті құм арқылы Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру мақсатында Ата-аналарға арналған мастер-класс жұмыс жасалып жүргізілді.

2) Желтоқсан айының 2019 жылы Құм терапиясы «Ертегі елінде» «Шалқан» ертегісі құм арқылы өздерінің ойларынан туындаған ертегісі жасалды.

**МКҚК №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы эксперименттік алаң жұмысының «Ақбота» ортаңғы тобының бастапқы нәтижесі 2019-2020 оқу жылы**



**Қорытынды:** Балалар шығармашылық белсенділік таныта отырып, құммен ойнауға ынталары жақсы. Балаға тапсырма берсең орындайды, нұсқаулық беріп, қауіпсіздік ережесін түсіндірдім. Ертегі ойындарымен, кейіпкерлермен бәрге түрлі жағдаяттар ойнайды. Балалар өз қиялынан суреттер салуды ұнатады. Қолдарымен сарай, шарбақ, уй, күн салып ойнайды. Құм балаларға оң әсер етеді, құммен ойнағанда эмоционалды жағдайлары ерекше, қуанышты болады. Балалар түрлі-түсті құммен бейнелерді жасап, қылқаламмен желім жағып үстіне құм сеуіп, 1-2 мин соң артық құмды алып тастап жұмыс жасады. Құмда түрлі ойындар ойнай алады. Ертегі кейіпкерлерімен бірге түрлі жағдаяттар ойнайды. Балалар қиялдарынан шығарып


ойын ойнағанды жақсы көреді.балалрдың зейіні, шығармашылығының дамуына құм ойынының зор пайдасы бар.

Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі-28 %

Орташа деңгейдегі балалардың үлесі- 54 %

Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі- 18 %

**МКҚК №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы эксперименттік алаң жұмысының «Көбелек» ортаңғы бақылау тобының бастапқы нәтижесі 2020 оқу жылы**



Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі-33 %

Орташа деңгейдегі балалардың үлесі- 54 %

Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі- 13 %


**Экспериментке түскен бақылау топ («Көбелек»ортаңғы топ) балалары шығармашылық білімдерін қалыптастыруда ортаңғы деңгейді көрсетті.**

Балабақша педагогтарының жүргізген тәжірибелік жұмысында оқу қызметінде барлық балаларды жұмылдырып және ұсақ моториканы дамытуға және сөздік дағдыларын дамытуда өзіндік шеберлікпен жұмыс жасауда.Кіші топ балалары оқу қызметінде қызықты ойындармен, ертегі,музыка терапиясы қатыстырылады. Зейін,қиял,ойлау ,есте сақтау, кеңістікті бағдарлау ) қабілеттерін, түрлі бағыттағы тапсырмаларды орындап білуге ынталандырады. Тәжірибеге қатысушы педогогтар бала деңгейіне сай дидактикалық құрал- жабдықтар жасақтап, әдістеме негізіне жаңа форма енгізу үшін жаңа ізденіс үстінде.

Бақылау «Көбелек» тобының балаларына да АРТ терапиясының әдістері көрсетіліп, қыркүйек айынан жұмыс жасап нәтижесін көрсетті. Алынған нәтиже тәжірибеге түскен топ балалары танымдық процестерін,ұсақ қол моторикасын,коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ортаңғы деңгейді көрсетті. Тәжірибе алаңындағы топтың балаларының шығармашылық қабілеттерін,коммуникативтік дағдыларын,


білім деңгейін жоғарлатуға тұрақты бағытта, тиісті деңгейде ұйымдастырылған дағды жүйелі түрде жұмыс істеу мүмкіндік береді.

**МКҚК №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы эксперименттік алаң жұмысының «Көбелек» ортаңғы бақылау тобының аралық нәтижесі 2019-2020 оқу жылы**



Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі-16 %  
Орташа деңгейдегі балалардың үлесі- 68 %  
Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі- 16 %

**МКҚК №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы эксперименттік алаң жұмысының «Ақбота» ортаңғы тобының аралық нәтижесі 2019-2020 оқу жылы**



Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі-21 %  
Орташа деңгейдегі балалардың үлесі- 58 %  
Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі- 21 %

**“Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық процестерін құм терапиясы арқылы дамыту”  
2018-2021 оқу жылы Ата-аналарға мастер-класс.**



**“Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық процестерін құм терапиясы арқылы дамыту” 2018-2021 оқу жылы Ата-аналарға мастер-класс.**







**МКҚК №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы эксперименттік алаң жұмысының дайындық кезеңінің «Балапан» II кіші тобының аралық бақылау нәтижесі 2019-2020 оқу жылы**



Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі-28%  
Орташа деңгейдегі балалардың үлесі-48%  
Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-24%

**МКҚК №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы эксперименттік алаң жұмысының дайындық кезеңінің қорытынды «Балапан» II кіші тобының бақылау нәтижесі 2019-2020 оқу жылы**



**Қорытынды:** Балаларға құммен таныстырып, қолдарымен ұстап көріп, жеке-жеке баламен таныстырылды.

Топта құм сағат, лупамен таныстырып ұстап көріп, түрлі-түсті құммен ойнатып балалардың қызығушылығын дамыту жұмыстары жүргізілді. Балалармен «мысықтың ізі, күшіктің ізі» суретін салғызып, құмда салуды үйренді. Дымқыл құммен ойнап мүсіндер жасап ойнады, ойын алаңында. Балалар қызығушылығы жоғары.

Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі-20%

Орташа деңгейдегі балалардың үлесі-44%

Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-36%

Экспериментке түскен бақылау топ («Көбелек» II кіші топ) балалары шығармашылық білімдерін қалыптастыруда ортаңғы деңгейді көрсетті.

**Эксперименттік алаң жұмысының дайындық кезеңінің бастапқы «Көбелек» II кіші бақылау тобының нәтижесі 2018-2019 оқу жылы**



**Қорытынды:** Балаларға құммен таныстырып, қолдарымен ұстап көріп, жеке-жеке баламен таныстырылды.


Топта құм сағат, лупамен таныстырып ұстап көріп, түрлі-түсті құммен ойнатып балалардың қызығушылығын дамыту жұмыстары жүргізілді. Балалармен «мысықтың ізі, күшіктің ізі» суретін салғызып, құмда салуды үйренді. Дымқыл құммен ойнап мүсіндер жасап ойнады, ойын алаңында. Балалар қызығушылығы жақсы.

